



«Су ресурстарын тұрақты басқару жүйесіндегі инновациялық тәсілдер және шешімдер және оларды Орталық Азия жағдайында пайдалану мүмкіндіктері» тақырыбындағы Өңірлік орталық-азия конференциясының ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Өтетін күні: 18 - 19 желтоқсан, 2019 жыл.

Өтетін жері: Алматыдағы Рахат Палас Қонақ үйі, Сәтбаев көшесі 29, Қазақстан

Мәселенің тарихы: Арал дағдарысы Орталық Азия елдеріндегі 70 миллионнан астам адамның денсаулығы мен әл-ауқатына қауіп төндіреді. Бұл дағдарыс халықтың денсаулығына, генетикалық қоры мен өңірдің болашақ ұрпағына қауіп төндіретін экологиялық, әлеуметтік-экономикалық және гуманитарлық салдарларға байланысты аймақтың тұрақты дамуына кері әсерін тигізеді.

1960 жылдарға дейін Арал теңізі 68 000 шаршы километр ауданымен және 1083 текше километр су көлемімен әлемде үлкендігі бойынша төртінші ішкі көл болды. Арал теңізінде балық аулаудың жылдық мөлшері 30-35 мың тоннаны құрады. Теңіз де, оған құятын өзендер де (Амудария мен Сырдария) жоғары экологиялық және экономикалық құндылыққа ие болды. Арал теңізі жағалауында тұратын халықтың 80% астамы балық және балық өнімдерін өндірумен, өңдеумен және тасымалдаумен айналысты. Балықтардың 38 түрі теңізде мекендеді. Өңірдің флорасы мен фаунасы Қызыл кітапқа енгізілген түрлермен ұсынылды.

Арал теңізі құрғап, өзеннің төменгі ағысындағы су ағындары азайғаннан кейін күн көріс жергілікті қаражат көздеріне қауіп төнді, гуманитарлық қауіпсіздіктің өзара байланысқан көп мәселелері туындады. Қазіргі уақытта Арал теңізінің аймағы (Өзбекстан Республикасының Қарақалпақстаны, Қазақстанның Қызылорда және Ақтөбе облыстары) Қазақстан мен Өзбекстанның ең осал және қолайсыз өңірлері болып қалып отыр. Қарақалпақстан Өзбекстанның бүкіл территориясының 37%-ын алып жатыр, бұл жерде жалпы халық санының 5,5%-ы тұрады, бірақ бұнда елдің ЖІӨ небәрі 2,5%-ы ғана өндіріледі. Қазақстанның Қызылорда және Ақтөбе облыстары еліміздің жалпы ауданының 19,3%-ын алады. Арал теңізі өңірінің табиғи климаты құрғақ, сондықтан суармалы егіншілікпен айналысатын жергілікті халық бұрыннан Амудария мен Сырдарияның су ресурстарына, ал балықшылар баяғыдан Арал теңізіне тәуелді.

Арал теңізінің ашық бөлігінде ауданы 5,4 млн. га. жуық жаңа тұзды шөл пайда болды. Бұл кезекте 2,0 млн. га шөл Қазақстанда, 3,4 млн. га шөл Өзбекстанда жатыр. Шаңды дауылдар бұнда жылына 90 күннен астам уақыт бойы болады. Жауын-шашынның төмен деңгейі (жылына 100-150 миллиметр), жаздың 40°C жоғары температурасы және қыстың төмен температурасы -23°C жиі шаңды дауылдар тудырады, олар қазіргі кезде жыл сайын бұрынғы теңіз түбінен атмосфераға 100 миллион тоннаға дейін тұз бен улы химиялық заттарды көтереді.

Тақырыптың өзектілігі: Теңіздің құрғаған түбінің аймағындағы халық саны анағұрлым көп Қазақстан мен Өзбекстан Арал дағдарысының жағымсыз салдарына анағұрлым сезімтал. Жер ресурстарының одан сайын нашарлауынан қиындайтын балық аулау саласының жоғалуы екі елдегі адамдардың экономикалық мүмкіндіктеріне едәуір әсер етті. Бұл аймақтардан кете алатын адамдар, әсіресе, білікті мамандар бұны дағдарыстың басында-ақ жасады, бұл жергілікті әлеуеттің бұдан әрі сарқылуына әкелді. Қазіргі уақытта еңбекке жарамды жастағы ер адамдар, соның ішінде өсіп келе жатқан жастар, маусымдық еңбек көші-қонына тартылған, соның нәтижесінде қарттар мен балаларға қамқор болу ауыртпалығы әйелдерге түседі, отбасы жұмысынан басқа, оларға табыс табу мүмкіндігін іздестіруге тура келеді.

Нәтижесінде екі ел халқының шамамен 44% кедей болып табылады, ал елдер бойынша орташа кедейлік деңгейі 13,8%. Әлеуметтік зерттеулер институтының Арал өңіріндегі 2017 жылы жүргізген сауалнамасына сәйкес жергілікті халық едәуір дәрежеде ауыл шаруашылығына және тыс жерде жұмыс жасайтын отбасы мүшелері санынан, еңбек мигранттарының ақша аударымдарына тәуелді екенін көрсетті. Бұл кіріс көздері қауіпті және көпмерзімдік шеңберде тұрақсыз болып табылады.

Жоғары кедейлік деңгейі, дұрыс тамақтанбау, шаңды дауылдардың әсері, ауызсу сапасының нашарлауы жергілікті халықтың денсаулығына кері әсерін тигізеді, бұл аурудың және өлімнің жоғары деңгейіне әкеледі.

Шекаралас екі елде де балалар арасында анемия ауруы ел бойынша орташа көрсеткіштен 30%-ға, гематологиялық аурулар (лейкемия, коагулопатия және т.б.) 2,5 есе, астма 2 есе жоғары. Ресми деректерге сәйкес, жақын трансшекаралас аймақтарда өкпе ауруы екі есе жоғары, ал көбіне зардап шеккен аудандарда ел бойынша орташа көрсеткіштен төрт есе жоғары.

Арал маңындағы экологиялық ахуал өте қауіпті күйінде қалып отыр және халық денсаулығының негізгі көрсеткіштерінің нашарлауымен, өлім-жітімнің артуымен және өмір сүру ұзақтығының төмендеуімен қатар жүреді. Арал теңізі халық үшін қиратқыш экологиялық, әлеуметтік және экономикалық салдары бар экологиялық апаттың эпицентрі болып қалып отыр.

Теңіз деңгейінің төмендеуі континентальдық климаттың әсерінің артуына және ауа ылғалдылығының 20-30%-ға төмендеуіне әкелді. Арал

теңізі аймағында атмосфераның температурасы 50 градусқа дейін көтерілді. Жер асты суларының минералдануы 150-170 мг/л дейін жетті. Мойнақ ауданында шаңды күндер жиілеп кетті - жылына 60% дейін.

Арал маңы ресурстық әлеуетін жоғалтудың негізгі факторлары қоршаған ортадағы (атмосфера, су, топырақ) ластаушы заттардың шекті рұқсат етілген концентрациясы нормативтерінің халықтың өміріне қауіп төндіретін мөлшерден асып кетуі болып табылады. «Қазгидромет» Қызылорда филиалының деректері бойынша Қызылорда облысындағы ауада азот диоксиді мөлшері ШРК-дан 1,3 есе асып түсті. Теңіздің құрғаған түбінің 70% астамы - тұз. Арал теңізінің құрғаған түбінен тұздар мен шандардың көтерілуі жергілікті тұрғындардың денсаулығына қауіпті.

Қызылорда облысында қан мен қантұзу органдарының ауруы республикалық көрсеткіштен 4 есе, ал жүйке жүйесінің ауруы ел бойынша орташа көрсеткіштен 1,5 есе жоғары. Арал маңы халқы Арал теңізінің ауа алқабы қоршаған ортасының және ауасының ластануымен байланысты жоғары тыныс жолдарының және ЛОР мүшелерінің ауруларына жиі шалдығады (51,2%). Құрғақ аймақтарда сәби өлімінің деңгейі ең жоғары көрсеткіштерге жетіп, ұлттық көрсеткіштерден 2 есе жоғары. Мұның бәрі Арал маңы халқының өмір сүру ұзақтығының төмендеуіне әкелді. Жалпы өлімнің ең жоғары деңгейі Арал, Қазалы және Жалағаш аудандарында байқалады.

Орталық Азия су ресурстарын тиімді басқару мәселесі әсіресе өткір түр. Бұл аймақта су ресурстары ұлттық және өңірлік қауіпсіздіктің әртүрлі аспектілерін анықтайды, оларды аймақтық экономиканың барлық салалары пайдаланады. Ішкі жалпы өнімнің 1/3 бөлігін қамтамасыз ететін және өңір халқының 2/3 астамын жұмыспен қамтамасыз ететін суармалы ауыл шаруашылығы өңірде судың негізгі тұтынушысы болып табылады. Суаруға Арал теңізі алқабындағы ресурстардың 90% астамы жұмсалады. Су ресурстарының Орталық Азияның энергетикалық қауіпсіздігіндегі ерекше рөлін атап өткен жөн. Өңірдің өндіруші қуат құрылымындағы гидроэлектр энергиясының үлесі өңір тұтынатын жалпы электр энергиясының 27,3%-ын құрайды. Тәжікстан мен Қырғызстанда бұл көрсеткіш 90%-дан асады, бұл осы елдер экономикаларының су ресурстарының қолжетімділігі мен пайдалану режиміне тәуелділігін көрсетеді. Сондықтан Орталық Азияның су ресурстарына әсер ететін кез-келген өзгерістер аймақ елдері дамуының әртүрлі әлеуметтік-экономикалық аспектілеріне әсер етудің жоғары мультипликативті әсеріне ие.

Жағдай су тұтынудың артуымен күрделене түсуде, бұл халық санының өсіміне және өңір экономикасының қарқынды дамуына байланысты. Климаттың өзгеруіне байланысты орта және ұзақ мерзімді перспективада судың күтілетін азаюы бұл мәселені одан сайын өзекті етеді.

БҰҰДБ "GoAL-Waters" (Тұрақты су ресурстарын қамтамасыз ету мақсатында басқару, есеп беру және білім беру) бағдарламасы шеңберінде тұщы су және теңіз ресурстарын әділ, тиімді және экологиялық тұрақты

пайдалану мен қорғауға қолдау көрсетеді. Бағдарлама саясат реформаларының жоспарларын әзірлеу және халықаралық, ұлттық, жергілікті деңгейде іс-шаралар қабылдау арқылы су ресурстары мен мұхиттарды басқару саласындағы басымдықтарды, мүмкіндіктерді анықтауға және кемшіліктер мен шектеулерді жоюға көмектеседі.

БҰҰДБ үкіметтермен және елдердің серіктестермен тығыз жұмыс қарым-қатынастарына сүйене отырып, GoAL-Waters 2030 жылға дейінгі мерзімге қойылған Күн тәртібін қолдап, орнықты дамудың "Барлығы үшін су ресурстарының болуын және оларды тиімді пайдалану мен санитарияны қамтамасыз ету" б-мақсатына және «Мұхиттарды, теңіздерді және теңіз ресурстарын тұрақты даму мүдделерінде сақтау және ұтымды пайдалану» 14-мақсатына сүйеніп, ұлттық және жергілікті билік органдары мен серіктестерге икемді қолдау көрсетеді.

Қолдау әдетте жалпы бюджеті 200 000-400 000 АҚШ долларын құрайтын шамамен төрт жылға созылатындығына қарамастан, оны су ресурстарымен / мұхитпен байланысты ОДМ қол жеткізуге мониторинг жасауға байланысты ұлттық деңгейде саясат реформаларының ең маңызды функцияларын немесе кеңес беру, іс-әрекеттерді талдау мен жоспарлауды қолдау бойынша анағұрлым қысқа іс-шаралар арқылы басталуы мүмкін.¹

GoAL-Waters БҰҰДБ елдік бөлімдері немесе серіктестері арқылы жұмыс істейді және Стокгольм халықаралық су ресурстары институты (SIWI) жанындағы БҰҰДБ-SIWI су ресурстарын басқару қоры (СРБҚ) арқылы стратегиялық тұрғыдан үйлестіріледі. БҰҰДБ және GoAL-Waters Су ресурстарын [және мұхиттарды] басқаруды қолдау жаһандық бағдарламасы шеңберінде «Жергілікті және ұлттық деңгейлерде тұщы су мен су жағасындағы ресурстарды басқару жиектемелерін нығайту» 2-жобасының нәтижесі болып табылады

Осы іс-шаралар жөніндегі ұсыныстың үлгісі СРБҚ-дағы GoAL-Waters тобы мен БҰҰДБ елдік кеңсесінің арасында талқылау үшін және БҰҰДБ-СБОҚБ (ескертпе - Саясат пен Бағдарламаның орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі бюро) Жаһандық су ресурстарын [және мұхиттарды] басқаруды қолдау бағдарламасына енгізу үшін бекіту үшін негіз болады.

Сондай-ақ <http://www.watergovernance.org/programmes/goal-waters/> қараңыз.

Сонымен қатар, БҰҰДБ өзінің жасыл үдеткіш зертханалары шеңберінде өңірлік деңгейде және бенефициар елдерде су және энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолында қолдау көрсетеді.

Су ресурстарының Орталық Азия экономикалары салаларының тұрақты дамуындағы ерекше рөлін ескере отырып, 2019 жылғы 18-19 желтоқсанда Халықаралық Аралды құтқару Қорының Қазақстан Республикасындағы Атқарушы Дирекциясы БҰҰ Қазақстандағы Даму

¹ Бұл кезекте, GoAL-Waters жалпы алғанда ұзақ мерзімді перспективаны және қолдауды қаласа, қазіргі уақытта қаржыландырудың болуы 2019 жылға арналған іс-шараларды ғана жоспарлауға мүмкіндік береді.

бағдарламасымен бірлесе отырып, Өңірлік Орталық-азия конференциясын ұйымдастырады.

Сонымен қатар, 2020 жылғы сәуірде Арал теңізі өңірі елдерінің Халықаралық конференциясы өтеді. Екі іс-шара да тұрақтылық пен климаттың өзгеруіне қарсы іс-әрекеттің жалпы мәселелерін қарастырады және тұрақты өңірлік желілерді құру мақсатында сала мамандарының арасында ақпарат пен тәжірибе алмасуға қызмет етеді. Бұл іс-шаралар БҰҰДБ-ның өңірде су ресурстары, СРИБ мен энергетикалық ресурстарының байланысын нығайту және экономикалық құндылығын арттыру бойынша анағұрлым кең ауқымды шараларының бір бөлігі болып табылады.

Өңірлік орталық-азия конференциясы Орталық Азияда іске асырылып жатқан бастамаларды қорытындылау және Орталық Азиядағы өзекті мәселелерді шешу бойынша бұдан кейінгі инвестициялық және қолданбалы жобалар үшін платформаны құру мақсатында өткізіледі. Бұдан кейін жаңғыртудың тәжірибелік тәсілдерімен бөлісу және алмасу жүзеге асырылады. Олар СРИБ, тиісті елдерде ұлттық стратегияларды өзектендіру қағидаттарын ескере отырып, өңірлік және ұлттық су шаруашылық саясатын нығайту үшін негіз болады деп күтілуде.

Конференция өңірлік су серіктестігі ұйымдары туралы халықаралық диалогты дамыту арқылы Орталық Азия елдерінің арасында ынтымақтастықты дамытуға ықпал етеді және қатысушыларға Арал теңізі алқабында жер және су ресурстарын орнықты басқарудың әртүрлі әдістері мен әдістемелерін қолданудың озық технологияларымен және тәжірибелерімен танысуға көмектеседі. Бұл қызмет Арал теңізінің құрғақ аудандарын өңірлік басқаруды жақсарту, алдыңғы мемлекетаралық шешімдердің басымдықтары мен негізгі қағидаларына сәйкес сумен жабдықтау жүйесін жақсарту үшін артып келе жатқан мәселелер мен қажеттіліктерге тікелей жауап береді.

Конференция Еуразия континенті ынтымақтастығының әртүрлі бағыттары бойынша өзара оқыту / ақпарат алмасу / тәжірибе алмасу нысаналы мүмкіндіктерді ілгерілеуге, су ресурстары саласындағы мақсатты екіжақты және көпжақты желілерді мен тәжірибелік қоғамдастықтарды қолдау мен құруға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, өңірлік конференция қатысушыларға «су ағынының жылдамдығы мен көлемін түсіну, мониторингілеу және бағалау, Арал теңізі аудандарында сумен қамтамасыз ету процесін жетілдіру, су беру жоспарлары мен карталарын құрастыру, деректерді жинау/талдау және заманауи ғарыштық қашықтық технологияларын ұсыну» үшін қажетті бағдарламалық қамтамасыз ету, құралдар мен тәсілдерді» ұсынуға бағытталады.

Конференция бағдарламасы көп салалы және икемді етіп жасалды, ол қатысушыларға Арал теңізінің құрғаған түбінен келетін зиянды әсерлердің алдын-алу, нақты немесе нақты базаларға жақын мониторинг және бағалау зияткерлік жүйесін ұйымдастырудың технологиялық жолдары мәселелерімен

анағұрлым терең танысуға, Арал теңізі алқабының қазіргі жағдайы туралы дәлелдемелерге негізделген ақпаратты алуға мүмкіндік береді.

Мақсаты: Өңірлік диалогты дамыту, тәжірибе алмасу және заманауи әдістерді, технологиялар мен жүйелерді зерттеу арқылы Орталық Азия халқының әл-ауқатын жақсарту бойынша әрі қарай инвестициялық және қолданбалы шешімдер үшін жобалық ұсыныстар алаңын қалыптастыру.

Өңірлік конференция келесі жұмыс бағыттарын қамтиды:

- Климаттың өзгеруі жағдайында Орталық Азияның су ресурстары (*су ресурстарын бассейнаралық тасымалдау; өзен алқаптарын жаңғырту және қалпына келтіру және т.б.*);
- Су ресурстарын басқару: қағидаттар, әдістер, технологиялар және жүйелер (*қашықтықтан зондтау әдістерін қолдану арқылы өзен суының ағысын модельдеу жүйесі; геотермалдық мен өнеркәсіптік жер асты суларын пайдаланудың болашағы мен әдістері; төтенше гидрологиялық құбылыстардың әсерін азайту бойынша алдын алу шаралары және т.б.*);
- Траншекаралық алқаптардағы су ынтымақтастығы (*аз қысымды шағын гидроэлектрстанциялардың өзен экожүйелеріне ұқыпты қарым-қатынастың кепілі ретінде екені, бөгеттер қауіпсіздігінің өңірлік жүйесін дамыту және т.б.*);

Өңірлік конференцияның жұмыс нәтижелері бойынша келесі күтіледі:

- Орнықты даму мақсаттарын ескере отырып, Арал теңізі алқабының өзекті мәселелерін қарастыру;
- Орталық Азия су ресурстарын басқарудың тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- өңірлік экологиялық мәселелерді шешу бойынша бірлескен ынтымақтастық бағыттарын анықтау;
- Орталық Азия халқының әл-ауқатын жақсарту үшін инвестициялық шешімдер үшін жобалық ұсыныстар платформасын қалыптастыру;
- «Арал өңірі - 2030» геопорталын құру;

Өңірлік Орталық-Азия конференциясына Орталық Азия елдерінің мүдделі министрліктері мен мекемелері, халықаралық және өңірлік ұйымдар, қаржы институттары, БҰҰ құрылымдық бөлімшелері, ҮЕҰ және басқа өкілдердің белсенді қатысуы күтілуде.